

М.С. Алшынбекова*, Н.З. Жуманбекова

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(Email: madok.17@mail.ru, zhumanbekova_nz@enu.kz)***Қазақ, орыс, ағылшын, қытай тілдеріндегі
фразеологиялық бірліктерді салыстырмалы талдау**

Мақала қазақ, орыс, ағылшын, қытай тілдерінің фразеологиялық бірліктерін салыстыра зерттеуге арналған. Тіл – мәдениетті таратушы құрал. Фразеология әр халықтың ұлттық мәдениетінің, тіл ерекшелігінің көрсеткіші. Осыған байланысты тіл білімінде фразеологиялық бірліктерді салыстырмалы аспектіде зерттеу қазіргі таңда маңызды болып саналады. Фразеологизмдер тілге бейнелілік, эмоционалды бояу береді. Авторлар мақалада қазақ, орыс, ағылшын, қытай тілдеріндегі адамның теріс психоэмоционалдық күйін білдіретін фразеологизмдерді қарастырған. Зерттеу барысында қазақ тілінде — 200, орыс тілінде — 220, ағылшын тілінде — 210, қытай тілінде — 180 фразеологиялық бірліктер іріктеліп, салыстырылып, олардың құрылымдық, семантикалық ерекшеліктері анықталды. Бұл іріктеу нәтижесі қазақ тілінде — 15, орыс тілінде — 14, ағылшын тілінде — 12, қытай тілінде — 10 фразеологизмдер топтарды айқындауға мүмкіндік берді. Олардың ішінде ең көп фразеологизмдер топтарға: қайғы (қазақ тілінде — 30, орыс тілінде — 17, ағылшын тілінде — 25, қытай тілінде — 15), ашу (қазақ тілінде — 25, орыс тілінде — 27, ағылшын тілінде — 19, қытай тілінде — 18), қорқыныш (қазақ тілінде — 30, орыс тілінде — 29, ағылшын тілінде — 32, қытай тілінде — 20) жатады. Сондай-ақ, қазақ, орыс, ағылшын, қытай тілдері фразеологизмдерінің мысалында семантикалық мағынаны, бейнені, бейненің концептуалдық негізін қарастырып, төрт тілде олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындау көзделген. Зерттеу аясында ашу эмоциясына басты назар аударылып, қазақ, орыс, ағылшын, қытай тілдерінде қарастырылды.

Кілт сөздер: фразеологизм, адамның теріс психоэмоционалдық күйі, әлемнің тілдік бейнесі, мәдениет, қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, қытай тілі.

Kipicne

Фразеология қазіргі таңда тіл білімінің жеке саласы ретінде лингвистикалық білім мен басқа әр түрлі ғылыми салалардың тоғысқан жерінде дамып келеді.

Фразеологизмдер — мемлекеттер мен ұлыстардың көпжасаулық тәжірибесін көрсететін бірегей және мәдени мұра [1; 884].

Фразеологизмдер ұлттардың тарихын, мәдениетін, рухани байлығын, наным-сенімдерін, құндылықтарын, олардың ойлауының дамуын, сондай-ақ, тілдерлік және мәдениетаралық қатынастарды білдіреді [2; 45].

Әр тілде көркем сөйлеудің эмоционалды және бейнелі табиғатын құратын тұрақты сөз тіркестері бар. Олардың пайда болуы адамдардың табиғат пен қоғамдағы заттар мен оқиғаларға қатысты көзқарасымен тығыз байланысты.

Зерттеуші В. Лабов филология тарихын зерттеу барысында, филология әрқашан қоғамның, әлемнің және тілдің үштік байланысымен сипатталады деген қорытындыға келді. Әсіресе, тіл шындықты тану құралы ретінде әрекет етеді. Тіл адамнан оқшау жүре алмайды, ал сол тілде сөйлейтін адамсыз мәдениет болмайды [3; 181].

Адамдар жалпы әлемге деген көзқарасын білдіру үшін әр түрлі салыстыруларға негізделген тілдік құралдарды қолданады. Сипатталатын адам, объект, кейіпкер, оқиға көбінесе адамға таныс құбылыс немесе процеспен салыстырылады. Нәтижесінде сипаттама айқынырақ болады, өрнектің бейнесі артады, жоғары эмоционалдылық пайда болады.

Қазіргі таңда тіл білімінде фразеологиялық бірліктерді салыстырмалы аспектіде зерттеу өзекті болып табылады. Салыстырмалы фразеология тілдегі фразеологиялық қордың 60% құрайды. Қол жеткізген нәтижелерге қарамастан, әр халықтың мәдениеті фразеологиялық бірліктердің қалыптасуына қалай әсер ететіні салыстырмалы фразеологияда әлі де шешімін таппай келеді [4; 446]. Осыған

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: madok.17@mail.ru

байланысты бұл зерттеудің мақсаты — қазақ, орыс, ағылшын, қытай тілдері мысалында адамның теріс психоэмоционалдық күйін көрсететін фразеологиялық бірліктердің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін салыстырмалы талдау. Зерттеудің мақсатына жету үшін бірқатар міндеттер құрылды, атап айтқанда:

- отандық және шетелдік зерттеулердің еңбектерін алға тарта отырып, фразеологияның теориялық мәселелерін қарастыру;
- фразеологизмдердегі эмоцияның теориялық негізін талдау;
- беделді лексикографиялық көздерден қазақ, орыс, ағылшын, қытай тілдеріндегі адамның теріс психоэмоционалдық жағдайын сипаттайтын фразеологиялық бірліктерді іріктеп, жүйелеу;
- қазақ, орыс, ағылшын, қытай тілдеріндегі фразеологизмдерге салыстырмалы талдау жасау;
- зерттеу нәтижесі бойынша қорытынды жасау.

«Эмоция — адамның жан-дүниесінің аса қуатты көріністерінің бірі. Тіл қатынас құралы қызметін атқарып, ойды жарыққа шығарып қана қоймайды, сонымен бірге адамның әркілы көңіл толқын-дары мен жан тебіреністерін білдіруші, бағалаушы, бейнелеуші қызметтерін де атқарады. Адамның жан дүниесіндегі жақсы көру мен жек көру, ашулану мен рақат сезімге бөлену, қуану мен қайғыру, таңдану мен абыржу сияқты құбылыстар тіл арқылы сыртқа шығады»[5; 5].

Эмоцияны зерттеу психология саласына тиесілі, бірақ лингвистер үшін эмоция адамның ішкі жағдайын білдіру үшін қолданылатын тілдік құрал тұрғысынан қызығушылық тудырады [6; 7].

Адамның эмоциясын жеткізуде фразеологизмдер жиі қолданылады.

Зерттеудің әдістері

Фразеологиялық бірліктерді зерттеуде лингвомәдени талдау әдісі, салғастырмалы әдіс, сапалық және сандық әдіс, классификациялау әдісі, синтездеу әдісі, жүйелі талдау әдістері қолданылды.

Нәтижелері мен олардың талқылануы

Зерттеу барысында қазақ тілінде — 200, орыс тілінде — 220, ағылшын тілінде — 210, қытай тілінде — 180 фразеологиялық бірліктер іріктелді. Материалды іріктеудің басты критерийі фразеологиялық бірліктерде адамның теріс психоэмоционалдық күйін көрсететін мағынаның бар болуы. Мысалы: душа болит, *grift the teeth*, 目瞪口呆.

Адамның теріс психоэмоционалдық күйін білдіретін фразеологизмдерді зерттеу нысаны ретінде таңдау кездейсоқтық емес. Көптеген фразеологтер мойындағанындай, фразеологизмдердің лингвистикалық мәні негізінен оның семантикасымен анықталады. Сондай-ақ, қазіргі лингвистикалық зерттеулер тілдегі адами факторларды қарастыруды көздейді [7; 201].

Іріктеу кезінде біз фразеологиялық бірліктердің құрылымдық және функционалды ерекшеліктерімен шектелмедік. Әр түрлі құрылымдық фразеологизмдерді, соның ішінде есімді фразеологизмдерді, етістікті фразеологизмдерді, одағай фразеологизмдерді қарастырдық.

Материалды іріктеуден кейін фразеологизмдерге сапалық (семантикасын зерттедік) және сандық (бірліктердің санын анықтадық) талдау жүргізілді. Бұл іріктеу нәтижесі қазақ тілінде — 15, орыс тілінде — 14, ағылшын тілінде — 12, қытай тілінде — 10 фразеосемантикалық топтарды айқындауға мүмкіндік берді. Олардың ішінде ең көп фразеосемантикалық топтарға: қайғы (қазақ тілінде — 30, орыс тілінде — 17, ағылшын тілінде — 25, қытай тілінде — 15), ашу (қазақ тілінде — 25, орыс тілінде — 27, ағылшын тілінде — 19, қытай тілінде — 18), қорқыныш (қазақ тілінде — 30, орыс тілінде — 29, ағылшын тілінде — 32, қытай тілінде — 20) жатады.

Зерттеудің келесі кезеңінде фразеологизмдерге лингвомәдени талдау жасауға тырыстық. Бұл зерттеу аясында біз ашу, қорқыныш эмоцияларына басты назар аудардық. «Ашу — ыза, кейіс, реніш, араздық түрінде көрініс беретін адамның мінезі мен көңіл күйінің жағдайы. Ашу оған әсер еткен қолайсыз нәрселерге жауап ретінде ашулы, ызалы, кекті, қаһарлы түрде көрінеді. Бойын ашу-ыза кернеп, мейірімсіздік көрсету, өңі түнеріп, жаман ниетті күй кешетін болса, адам әр қилы жаман істерге барып жауыздық әрекеттер жасауы мүмкін. Ашу — сезімдік-эмоциялық күй» [8; 67].

Ашу концептісі бар фразеологизмдер қазақ тілінде — 25, орыс тілінде — 27, ағылшын тілінде — 19, қытай тілінде — 18. Қазақ, орыс, ағылшын, қытай тілдеріндегі «ашу» концептісі бар фразеологизмдерге мысалдар 1-кестеде берілген.

Қазақ, орыс, ағылшын, қытай тілдеріндегі қайғы, қорқыныш, ашу, мазасыздық, ұят сияқты теріс эмоцияны білдіретін фразеологизмдер

Фразеологизмдердің мағынасы	Ағылшын тіліндегі фразеологизмдер	Қазақ тіліндегі фразеологизмдер	Қытай тіліндегі фразеологизмдер	Орыс тіліндегі фразеологизмдер
1	2	3	4	5
Қайғыру	Get gray (get gray hair over sm th) Go to pieces To be in agony of despair Bummed out Reduced to tears Lump in your throat Down in the mouth To be in the blues Blue devils Cry over spilt milk At rock bottom out of mind	Жер бауырлап жатып алу Қасіретпен қан жұту Жамбасына аяздай бату Белі бүгілу Көкірегі шерге толу Қайғымен қан жұту Сары уайымға салыну Шер жұту Іші бауыры өртену Іш құса болу Қан жұту	悲悲切切 悲喜交集 哀而不伤 肝肠寸断 愁眉苦眼 愁容满面 泣不成声 如泣如诉	Мотать сопли на кулак Рвать на голове волосы Рвать на себе волосы Лить потоки слез Разводить нюни Заливаться горькими слезами Умываться слезами Сквозь слезы Слезы стоят в горле у кого-то
Ұялу	Be unable to look smb in the face To hang one's head To put one's foot in one's mouth Words stick in one's throat	Жүзі таю Пышақсыз бауыздау Кірерге тесік таппау Абыройы жойылу Ұяты бетіне шығу Абыройын аяққа басу Беделін төгу Бетін басу Бетін шымшу Беті күйу Жер шұқу Бетінен оты шығу Бет моншағы салбырау Беті аймандай болу Жерге көмілу Жердің тесігі болса кіріп кету	不知羞耻 无地自容 打肿脸充胖子 满招损，谦受益	Готов сквозь землю провалиться Колоть глаза Падать лицом в грязь Покрывается позором Совесть заговорила Хлопать глазами Совесть зазрила Бросает в краску кого-то Не знать, куда глаза девать
Ашулану	Flash fire Grift the teeth Fret and fume To get off one's boots See red Cut someone to the quick Get up someone's nose Go nuclear	Ашуға булығы Ашуы алқымына тығылу Ер тоқымын бауырына алып тулау Жанын шығару Заһар шығару Ит арқасы құрысу Кәрін төгу Көзінен от шашу Көзін алайту/ аларту Жыны ұстау Ашу шақыру Жүзінің жұдырығымен қарау	勃然大 恼羞成怒 愤愤不平 愤世嫉俗 激忿填膺 大发雷霆 暴跳如雷 面红耳赤	Биться об стену Держать гнев на кого-то Со зла Метать искры Надувать губы Скалить зубы Вытаращить глаза Распускать глотку Позеленеть от ярости Изливать желчь Сменить гнев на милость Не во гнев будь сказано

1	2	3	4	5
Қорку	Get cold feet Jump out of the skin Push the panic button Heart skips a beat One's heart sank into one's boots Lose one's nerves Bite one's nails To have butterflies in one's stomach To have a lump in one's throat To take someone's breath away Face turned pale Hair stood on end Spine-tingling	Аза бойы қаза болу Арқасы мұздап қоя берді Екі көзі атыздай болу Жаны көзіне көріну Жүрегі тас төбесіне көріну Зәре жоқ Иманы ұшу Көзі шарасынан шығу Төбе шашы тік тұру Есі кету Жаны қара бақайына кету Жаны түршігу Жаны тырнағының (мұрнының) ұшына келу Жүрегі бүлк/солқ ету Жүрегі тас төбесіне шығу Зәресі зәр түбіне кету Зәресін алып, құтын қашыру	畏首畏尾 人言可畏 心有余悸 心惊肉跳 胆战心惊 人心惶惶 亡魂丧胆 闻风丧胆 提心掉胆 惊心掉胆 前怕狼·后怕虎 初生牛犊不怕虎 大惊失色 惊恐失色 惊慌失措 芒刺在背 毛骨悚然 谈虎色变 危言耸听 掩面失色	Панический страх Бросает то в жар, то в холод Волосы дыбом Задать лататы Дрожать как лист Кровь в жилах застывает Зуб на зуб не попадает Лишиться языка Душа ушла в пятки Брать на испуг кого-то Мороз по коже пробрал Поджилки трясутся Прятаться в кусты Заняло дух у кого-то Волосы встали на дыбки Показывать пятки Показывать спину Сердце замирает
Мазасыздану	Hot and bothered Have one's hackles up To be in a stew Break one's heart Lie (heavy) at smb's heart In the fullness of one's heart	Әбігер болу Дегбірі қашу Дегбір таппау Жүрегі қобалжу (қорку) Шыдамы жетпеу	担惊受怕 惴惴不安 坐立不安 六神不安 食不下咽	Душа не на месте Душа болит Сердце болит Сердце горит Хватать за живое Принимать близко к сердцу
	It makes the heart bleed Hang (down) one's head Lose heart Devour one's heart Close to the edge	Тынышы кету Ішкені — ірің, жегені — желім болу	忐忑不安 杞人忧天 儿行千里母担忧 寝食不安 挂肚牵心	Мотать нервы Как на иголках Бить тревогу Берeditь душу Западать в душу Доходить до сердца что-то
Мұңаю	Chip on your shoulder Mixed feelings Hang (down) one's head In the doldrums Be sick at heart Looked down in the dumps Take smth. in a thin skin Feel blue	Бас терісі салбырау Басына тию Беті қайту Енжарлыққа түсу Екі иығы салбырау Жабы болу Жермен жексен болу Жаны кею Жүзі сынык Жігері құм болу Сағы сыну	愁眉锁眼 愁面忧色 愁眉不展	Защемило сердце С тяжелым сердцем Сердце падает Кошки скребут на сердце Сердце кровью обливается Дух падает Не в духе Смотреть сентябрем Скребет на сердце
Ескерту – Дерек көзі: [9-12].				

Зерттеу жұмысымыздың барысында қазақ, орыс, ағылшын, қытай тілдерінде «ашу» мағынасын білдіретін фразеологизмдерде бірдей метафора кездесетінін байқадық. Мысалы «тіс», «көз», «найза»: қаз. *тісін қайрау* [11]; (біреуге ашулану); орыс. *процедить сквозь зубы* [8] (қаз. ашулы сөйлеу); ағыл. *grift the teeth* [9] (тура мағ. тісін қысу), (біреуге ашулану); *咬牙切齿* [10] (тура мағ. тісін қайрау), (қаз. біреуге ашулану); *метать гром и молнии* [8] (қаз. ашулы сөйлеу); *暴跳如雷* [10] (тура мағ. қатты найзағайдай соғу), (қаз. ашулану).

Адам басқа адамдарды ең бірінші көзі арқылы қабылдайды, көзі арқылы адамдарға баға береді. Сондықтан, көз адамның эмоциясын білдіруде маңызды орын алады. 4 тілде «көз» мағынасы бар

фразеологизмдер адамның теріс эмоциясын білдіреді. Мысалы: *көзінен от шашу* [11] (ашулану); *көзі шатынау* [11]; *вытаращить глаза* [8] (қаз. ашулану); 侧目而视 [10] (ауыспалы мағ. біреуге жиіркенішпен қарау), (тура мағ. қиғаш көзбен қарау); 怒目横眉 [10] (тура мағ. ашумен қарау және қабағын түю), (қаз. ашулану), *eyes snap with fury* [9] (тура мағ. көздері ашудан жыпылықтап тұр), (қаз. ашулану).

Орыс халқының концептуалды түсінігінде «глаза — окно души». Сондықтан басқа адамның жан дүниесін көз сигналы арқылы тануға болады деп есептейді. Ал, қытай тілінде «бет» компоненті бар фразеологизмдердің саны басымырақ. Қытай халқында мынадай мақал бар: 人心情都是写上在脸上的 (Адамның көңіл күйі бетінде жазылып тұрады). Демек, қытай халқының эмоциясы адамның бетінен көрінеді [13; 406].

Қазақ, орыс, ағылшын, қытай лингвомәдениетінде мимиканың ұлттық мәдени ерекшелігін фразеологизмдерді зерттеу арқылы көруге болады. Адамның ашуы қорқыту мимикасымен, дене қимылымен де беріледі. Оған мынадай фразеологизмдер мысал бола алады: *көзін алайту/аларту; жүдырығын тую*; [11] *позеленеть от ярости* (қаз. ашулану); *поднять щетину* [8] (қаз. ашулану); *tear one's hair out* [9] (тура мағ. өз шашын жұлу), (қаз. ашулану); *eyes snap with fury* [9] (тура мағ. көздері ашудан жыпылықтап тұр), (қаз. ашулану); 面红耳赤 [10] (тура мағ. ашудан беті, құлағы қызару); 怒目横眉 [10] (тура мағ. ашумен қарау және қабағын түю), (ашулану).

Екінші кестеде қазақ, орыс ағылшын, қытай тілдерінде «ашу» компоненті бар фразеологизмдердің жиілігі берілген (2-кесте).

2 кесте

Қазақ, орыс, ағылшын, қытай тілдеріндегі «ашу» компоненті бар фразеологизмдердің жиілігі

Қазақ тілі			Ағылшын тілі		Орыс тілі		Қытай тілі	
№	Компонент	Саны	Компонент	саны	Компонент	саны	Компонент	Саны
1	Ашу	25	Anger	19	Гнев	27	恼, 怒	18

Қорқыныш эмоциясының мысалы ретінде «*Душа ушла в пятки*» фразеологизмін қарастырайық. Семантикалық мағынасы: «пережить сильный страх». Бейне: қатты қорқыныш кезінде адамның жаны жоғары жақтан төмен қарай түседі. Бейненің концептуалды негізі ҚОРҚЫНЫШ — ОБЪЕКТІНІҢ ЖОҒАРЫДАН ТӨМЕН ҚОЗҒАЛЫСЫ. Бұл фразеологизмде құлау кезінде объект нақты қайда кететіні көрсетіледі (жанның нақты қайда кеткенін білеміз). «*Душа ушла в пятки*» фразеологизмінің ағылшын және қазақ тілдеріндегі баламасы қарастырылды. Ағылшын тілінде «*One's heart sank into one's boot*» (тура мағ. біреудің жүрегі етігіне салбырау). Қазақ тілінде «*Жаны қара бақайына кетту*». Қорқыныштың концептуалдық негізін әр түрлі тілдерде фразеологизмдерді салыстыруда біз ортақ концептуалдық негізді ЖОҒАРЫДАН ТӨМЕН байқадық, бірақ қазақ тілінде айырмашылықтар бар. Қазақ тілі мен орыс тілін салыстырғанда, қазақ тілінде жан қара бақайға кетеді, ал орыс тілінде жан табанға кетеді, сондай-ақ, қазақ тілінде түс символикасы «қара бақай» түрінде беріледі. Ал, ағылшын тілінде үш аспект бойынша айырмашылық бар. Біріншіден, жан емес, жүрек, екіншіден, ол кетпейді ал ақырын баяу салбырайды, үшіншіден, табан немесе бақай емес, етік (аяқ киім). Ағылшын тілінде барлық жағынан айырмашылық бар, объект қайда кетті, қалай кетті, басқа қимыл, бұнда жан емес, жүрек төмен салбырайды.

Қорытынды

Ашу — ең кең таралған эмоциялардың бірі болып табылады. Әр тілде эмоцияның көрінісі әр түрлі тәсілдермен көрсетіледі. Бұл әр халықтың әлемдік бейнесі туралы дүниетанымының әр түрлілігімен түсіндіріледі.

Бұл жұмыста ашу сезімін қамтитын қазақ, орыс, ағылшын, қытай тілдерінде бірқатар фразеологизмдер талданды. Аталмыш зерттеу фразеологизмдердің белгілі бір халықтың әлемнің тілдік бейнесін қалыптастыру құрылымдарының бірі болып саналатындығына байланысты өте маңызды болып табылады.

Біз жүргізген зерттеу жұмысымыздың барысында қазақ, орыс, ағылшын, қытай тілдерінде адамның теріс психоэмоционалдық күйін білдіретін «ашу» компоненті бар фразеологизмдердің жиілігінде үлкен айырмашылық байқалады деген қорытындыға келдік.

Осыған байланысты 4 тілде адамның теріс психоэмоционалдық күйін білдіретін фразеологизмдер бір бірінен мағынасы жағынан, формасы жағынан ерекшеленеді. Бұл бізге әр тіл эмоцияны әр түрлі тәсілдер арқылы білдіретінін көрсетеді. Бұл тәсілдер әр түрлі халықтардың ұлттық мәдениетімен тығыз байланысты.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Abdiloyev S. Phraseologies in German related to animal wildlife / S. Abdiloyev, R. Joraboyev // International Scientific Journal Theoretical & Applied Science. — 2021. — Vol. 11, No. 103. — P. 883-886.
- 2 Radjabova Z. On the typology of educational phraseological dictionaries / Z. Radjabova // Current Research Journal of Philological Sciences. — 2021. — Vol. 2, No. 9. — P. 44-48.
- 3 Labov W. The study of language in its social context / W. Labov // Basic concepts, theories and problems: alternative approaches. — 2019. — Vol. 1. — P. 181.
- 4 Niyozova O. Phraseologys Formed on the basis of a comparative model (on the example of Uzbek-Korean phraseologism) / O. Niyozova // The American Journal of Social Science and Education Innovations. — 2021. — Vol. 5. — No. 857. — P. 444-448.
- 5 Иманалиева Ғ.Қ. Қазақ тіліндегі эмоционалды құрылымдар / Ғ.Қ. Иманалиева. — Алматы: Қазақ университеті, 2011. — 255 б.
- 6 Mykhalchuka N. The verbalization of the concept of "Fear" in English and Ukrainian phraseological units / N. Mykhalchuka, S. Bihunova // Cognitive Studies. — 2019. — Vol. 19. — No. 2043. — P. 1-11.
- 7 Tukeshova N.M. Antonymic relations in phraseological units with antonymic components in English and Kazakh languages / N.M. Tukeshova // Bulletin of the Volgograd State Pedagogical University. — 2021. — Vol. 4, No. 157. — P. 196-202.
- 8 Жарықбаев Қ.Б. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі / Қ.Б. Жарықбаев. О. Сангилбаев. — Алматы: «Сөздік словарь» баспасы, 2006. — 387 б.
- 9 Федоров А.И. Фразеологический словарь русского литературного языка / А.И. Федоров. — М.: Астрель; АСТ, 2008. — 828 с.
- 10 Cowie A.P. The Oxford English Dictionary of English idioms / A.P. Cowie, R. Macklin, I.R. Vc Caig. — UK: Oxford University Press, 2002.
- 11 Абдурақын Н. Қытай-қазақ фразеологиялық сөздігі / Н. Абдурақын. — Алматы: Қазақ университеті, 2012. — 178 б.
- 12 Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі / Г.Н. Смағұлова. — Алматы: Елтаным баспасы, 2010. — 252 б.
- 13 Чжан Л. Фразеологизмы, обозначающие визуально-мимические знаки коммуникации, в русском и китайском языках : сб. работ 72 науч. конф. студ. и аспирантов. Белорус. гос. ун-та. — Минск, 2015. — С. 404-407.

М.С. Алшынбекова, Н.З. Жуманбекова

Сопоставительный анализ фразеологических единиц в казахском, русском, английском и китайском языках

Статья посвящена сравнительному изучению фразеологизмов казахского, русского, английского и китайского языков. Язык — средство распространения культуры. Фразеология является показателем своеобразия языка, национальной культуры каждого народа. В связи с этим в настоящее время в лингвистике очень важное значение имеет изучение фразеологизмов в сопоставительном аспекте. Фразеология придает речи красочность и образность. В настоящей статье мы рассмотрели фразеологизмы на казахском, русском, английском и китайском языках, обозначающие негативное психоэмоциональное состояние человека. В итоге данный отбор позволил установить в казахском языке — 15, русском — 14, английском — 12, в китайском языке 10 фразеосемантических групп, среди которых выделяются, такие как *горе* (в казахском языке — 30, русском — 17, английском — 25, в китайском — 15), *гнев* (в казахском языке — 25, русском — 27, английском — 19, в китайском — 18), *страх* (в казахском языке — 30, русском — 29, английском — 32, в китайском — 20). Также на примере фразеологизмов казахского, русского, английского, китайского языков были рассмотрены смысловое значение, образ, концептуальная основа образа, определены их сходства и различия в указанных выше языках.

Ключевые слова: фразеологизм, отрицательное психоэмоциональное состояние человека, языковая картина мира, культура, казахский язык, русский язык, английский язык, китайский язык.

M.S. Alshynbekova, N.Z. Zhumanbekova

Comparative analysis of phraseological units in Kazakh, Russian, English, Chinese languages

The article is devoted to the comparative study of phraseological units of the Kazakh, Russian, English, and Chinese languages. Language is a means of spreading culture. Phraseology is an indicator of the idiosyncrasy of the language, the national culture of each people. In this regard, currently, in linguistics, the study of phraseological units in a comparative aspect is very important. Phraseology imparts color and imagery to speech. In this article, we will consider phraseological units in Kazakh, Russian, English, and Chinese, denoting a negative psycho-emotional state of a person. As a result, this selection made it possible to establish phrasal semantic groups – 15 in the Kazakh language, 14 - in Russian, 12 - in English, 10 - in Chinese – among which stand out grief (30 - in Kazakh, 17 - in Russian, 25 - in English, 15 - in Chinese), anger (25 - in Kazakh, 27 - in Russian, 19 - in English, 18 - in Chinese), fear (30 - in Kazakh, 29 - in Russian, 32 - in English, 20 - in Chinese). In addition, taking phraseological units of the Kazakh, Russian, English, Chinese languages as a case study, the semantic meaning, image, conceptual basis of the image were considered, and their similarities and differences in the four languages were determined. As part of this work, attention will be focused on the emotion of anger, which will be considered in the Kazakh, Russian, English and Chinese languages.

Keywords: phraseological unit, negative psycho-emotional state of a person, linguistic picture of the world, culture, Kazakh language, Russian language, English language, Chinese language.

References

- 1 Abdiloyev, S., & Joraboyev, R. (2021). Phraseologies in German related to animal wildlife. *International Scientific Journal Theoretical & Applied Science*, 11(103), 883-886.
- 2 Radjabova, Z. (2021). On the typology of educational phraseological dictionaries. *Current Research Journal of Philological Sciences*, 2(9), 44-48.
- 3 Labov, W. (2019). The study of language in its social context. Basic concepts, theories and problems: alternative approaches, 1, 181.
- 4 Niyozova, O. (2021). Phraseologys Formed on the basis of a comparative model (on the example of Uzbek-Korean phraseologism). *The American Journal of Social Science and Education Innovations*, 5(857), 444-448.
- 5 Imanalieva, G.K. (2013). *Qazaq tilindegi emotsionaldy qurylymdar [Emotional structures in the Kazakh language]*. Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh].
- 6 Mykhalchuka, N., & Bihunova, S. (2019). The verbalization of the concept of "Fear" in English and Ukrainian phraseological units. *Cognitive Studies*, Vol. 19, 2043, 1-11.
- 7 Tukeshova, N.M. (2021). Antonymic relations in phraseological units with antonymic components in English and Kazakh languages. *Bulletin of the Volgograd State Pedagogical University*, 4(157), 196-202.
- 8 Zhariqbayev, Q.B., & Sangalbayev, O. (2006). *Zhantanu ataularynyn tusindirme sozdigi [Explanatory dictionary of psychology]*. Almaty: Sozdik slovar baspasy [in Kazakh].
- 9 Fedorov, A.I. (2008). *Phrazeologicheskii slovar russkogo literaturnogo yazyka [Phraseological dictionary of the Russian literary language]*. Moscow: Astrel; AST [in Russian].
- 10 Cowie, A.P., Macklin, R., & Caig, I.R. (2002). *The Oxford English Dictionary of English*. UK: Oxford University Press.
- 11 Abduraqyn, N. (2012). *Qytai-qazaq frazeologiialyq sozdigi [Chinese-Kazakh phraseological dictionary]*. Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh].
- 12 Smagulova, G.N. (2010). *Magynalas frazeologizmdar sozdigi [Dictionary of semantic phraseology]*. Almaty: Eltanym baspasy [in Kazakh].
- 13 Zhang, L. (2015). *Phrazeologizmy, oboznachaiushchie vizualno-mimicheskie znaki kommunikatsii, v russkom i kitaiskom yazykakh [Phraseological units denoting visual and mimic signs of communication in Russian and Chinese]: Collection of works 72 scientific conf. students and postgraduates Belarusian State University*. Minsk, 404-407 [in Russian].